

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI  
Ó. SULTANĠAZIN ATYNDAGY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqylary» I-shi Halyqaralyq  
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŇ  
MATERIALDARY**

**17-18 мамыр 2019**

**МАТЕРИАЛЫ  
I-ой Международной научно-практической  
конференции «Султангазинские чтения»**

**17-18 мая 2019**

**MATERIALS  
of the I<sup>st</sup> International scientific and practical  
conference «Sultangazin readings»**

**May 17-18, 2019**

**Qostanai, 2019**

ӘОЖ 378 (094)  
КБЖ 74.58  
С 89

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Бас редактор**

*Әбіл Еркін Аманжолұлы*  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Бас редактордың орынбасарлары:**

*Медетов Нурлан Амирович*  
физика-математика ғылымдарының докторы  
*Ташетов Аманжол Аскарович*  
PhD докторы

**Редакциялық алқа мүшелері:**

*Утегенова Бибикуль Мазановна*  
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент  
*Евдокимова Ольга Николаевна*  
педагогикалық ғылымдар кандидаты  
*Балгабаева Гаухар Зкрияновна*  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
*Жумабаев Канат Аканович*  
кандидат экономических наук  
*Бобренко Марина Александровна*  
*Сатбаева Муснай Тулегеновна*  
*Жиенбаева Аида Аманжолқызы*

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

**ISBN 978-601-7934-72-9**

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

**ӘОЖ 378 (094)**  
**КБЖ 74.58**

*Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің*  
*Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған*

*Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты*

**ISBN 978-601-7934-72-9**

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай  
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

**ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ «МӘНГІЛІК ЕЛ»  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

*The development of society and implementation  
of the main principles of the program «Mangilik el»*

**А.Ш. Агдавлетова**  
*A.Sh. Akdavletova*

«Қазақстан агротехникалық колледжі» КМҚК, Қарабалық,  
Қостанай, Қазақстан, *metod-katk@mail.ru*

**Аннотация**

Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы баршамызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Осыдан әрқайсымыз ой түйіп, Тұңғыш Президентіміз айтқандай Қазақ елінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек.

**Abstract**

The idea of the head of state «Mangilik El» should become a motto, mobilizing everyone for one goal, common interest. After that, each of us, as the First President of the country said, should work tirelessly.

*Кілт сөздер:* «Мәңгілік ел», 2050 стратегиясы, болашаққа бағдар, ұлттық идея.

*Key words:* «Mangilik El», the strategy – 2050, the future, the national idea.

Стратегия дегеніміз не? Стратегия не үшін керек? Мемлекет өміріндегі стратегия дегеніміз не? Стратегияны іске асыру үшін не керек?

Өмірде адамда мақсат болу керек. Күнделікті жұмысқа барып, өмір сүруге құлшындыратын, жеңіске жетелейтін мақсат болуы шарт. Сол сияқты мемлекетте де мақсат болу керек. Күнделікті қоғамның әлеуметтік даму барысында кездесетін қиыншылықтарды жеңуге, мемлекет болып қалыптасуына жетелейтін мақсат болуы шарт. Ал стратегия осының бәріне қалай қол жеткізудің нұсқаушысы.

Мемлекет басшысының 2014 жылғы халыққа Жолдауы стратегиялық маңызы бар аса құнды құжат. Бұл құжатта мемлекетіміздің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы айқын көрсетілген. Бодандықтан бостандыққа қадам басқан жаңа тұрпатты мемлекеттің күрделі кезеңінде Президент еліміздің ертеңі мен болашағы үшін ұлттық мемлекеттің мызғымас негізін қалап, ғасырлар бойы аңсаған азаттықтың баянды болуы мақсатында тың жол – қазақстандық жолды қалыптастырды. Елбасымыздың Қазақстан халқының ортақ тағдыры – Мәңгілік Ел екенін, бабаларымыздың арманы болғанын айтып өтті. «Мәңгілік Ел» ұғымы ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан – 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алынып, ұлттық идеяның түп қазығына айналды. Осылайша тәуелсіз Қазақстан Республикасының алдағы уақытта дамуына негіз бола алатын, халықтың арман-мұратына айнала алатын ұлттық идеяның негізі қаланды.

Біз үшін «Мәңгілік ел» – ұлттық идея. Осыған қол жеткізу үшін мақсаттар қойылды. Бірінші мақсат дамыған елу елдің қатарына кіру болды. Келесі мақсат бойынша 2050 жылға қарай мемлекетіміз дамыған отыз елдің қатарына енуі керек. Стратегия жоспар емес. Бұл біздің ұлт, этнос ретінде бірігуіміз іспетті – идея Бұл жолда бүкіл әлеуметіміз бен энергиямызды және күш-жігерімізді жұмсауымыз керек. Маған Елбасымыздың «Еліміздің жетістігі – зертханаларда» деген сөзі ұнайды. Сонымен қатар Ұлыбританияның Премьер-министрі болған Тони Блэрдің: «Британияның ұлы тарихы бар. Бірақ бұл музейде өмір сүруді білдірмейді. Болашақпен бірге болуымыз керек» деген сөзі бар. Яғни, стратегия бағдар болса, соған жетудің құралы – білім. «Мәңгілік Ел» идеясы халықтың әл-ауқатын жақсартып, елді

дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам. Үкімет бұл бастаманы жүзеге асыруда біраз жұмыстар атқаруда.

Осы Жолдаудан кейін әлеуметтік салаға айрықша көңіл бөлінді. Соның ішінде, студенттердің стипендиясы, денсаулық, білім, әлеуметтік қорғау, мүгедектерге және асыраушысынан айрылғандарға төленетін жәрдемақылардың өскендігі. Елдің экономикалық, рухани жағдайының дамып, өркендеуі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің білім деңгейімен де тығыз байланысты. Қазіргі кезде бұл бағытта нәтижелі жұмыстар атқарылып та жатыр. Жастар «Болашақ» бағдарламасының аясында шетелдерде білім алып, шетел тәжірибесінің артықшылықтары мен кемшілік тұстарына көз жеткізіп, санасына тоқып, еліміздегі маңызды қызмет салаларында сол тәжірибелерін қолданып еңбек атқаруда. Мемлекет басымдылық берген «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы ауылдық елді-мекендердегі маман тапшылығын шешуге сеп болуда. Ауылдық аймақтағы сұранысқа байланысты медицина, білім беру және мәдениет саласына білікті, білімді жас мамандар келуде. Олар бүгінде ауылды көркейтуге өз үлестерін қосуда.

Сонымен қатар білім, денсаулық, ауылшаруашылық, өз-өзіне қызмет көрсету салаларында заман талабына сай электронды қызмет көрсету жүйесін енгізді. Бұл қызмет түрлері қазіргі уақытта халыққа мүлтіксіз қызмет етуде. Қазіргі уақытта «Мәңгілік ел» идеясына қызмет жасайтын оқыған, әлемдік бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелейтін ұстаздарымыздың, қоғамдық әлеуметтік орны, мәртебесі туралы заң қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.А. Назарбаевтың Мәңгілік ел идеясының шеңберінде «Серпін – 2050: Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты әлеуметтік жобасы ұйымдастырылған болатын. Біздің Қазақстан агротехникалық колледжі осы бағдарлама бойынша ауылшаруашылық мамандықтарына отыз студентті қабылдап, жаңа заман талабына сай студенттерді оқытып шығарды.

Жастардың бойына қазақи құндылықтарды сіңіріп, қазіргі жаһандық даму жағдайында оларды батыс мәдениетінің негізінен алыстатып, өзіміздің рухани бай мұрамыздың құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу – алда тұрған басты міндеттердің бірі. Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік ел» идеясының көздегені де осы болатын, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тілімізді өркендету.

Осы негізде мектеп оқушыларының рухани адамгершілік қырынан дамытып, қазақ халқының «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды» және т.б. эпостары арқылы қазақ халқының бай этно-мәдени және философиялық мұрасы негізінде тәрбиелеу мақсатында «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауын жариялады. Жоба аясында 107 беттен тұратын «Қобыланды батыр» жырын 50 000 оқушыға толық жаттату көзделген.

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра біліп, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек. Мәңгілік Ел негізінде әрқайсымыз үшін қарапайым, ең құнды ақиқат жатыр олар: отбасымыздағы бірлік, қонақжайлылық пен еңбексүйгіштік, тұрақтылық, қауіпсіздік және ертеңгі күнге деген сенімділік.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – болашаққа деген нақты қадам. Ол барлық қазақстандықтардың қоғам алдында тұрған өзекті міндеттерін шешетін, алға деген ұмтылыстары мен күштерін біріктіруі қажет. Сондықтан да, мәңгілік, әрі бәсекеге қабілетті ел болуы үшін, болашақ ұрпағымыз осы негіздегі мықты идеологияны бойына сіңіруі болуы. Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың бірқалыпты дамуының шешуші факторы болып табылатын ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімге бастайтын құндылықтар «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етейік!

Біз бүгін ХХІ ғасырдың есігін айқара ашып, төріне еніп отырмыз. Бұл ғасыр Қазақстан үшін жасампаз ғасыр, жаңару ғасыры, дәуірлеу ғасыры. Президент Жолдауы Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды. Бір болашақ – бұл Мәңгілік елдің, біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының өркендеуі.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деп Елбасымыз атап көрсеткендей тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде жатыр. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Егемен Қазақстан, 2010. – 6 шілде.
3. Рахымжанова Н.И., Баттал М.Р. Менің Қазақстаным. – Астана баспасы, 2001.
4. Бирюков С., Елькин Д., Делягин М., Собозобов Ю, 2020.
5. Стратегиялық жоспары: Көшбасшылыққа бастайтын Қазақстандық жол. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында, – А, 2001.
6. Қадыр Мырза Әли. Күлтегін-Тоныкөк Ежелгі руна жазбалары. – Алматы, Өлке, 2001. Молодой ученый. – 2017. – №51.1. – С.14-16. – URL <https://moluch.ru/archive/185/47504/> (дата обращения: 26.02.2019).

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ «ЖАҚСЫЛЫҚ» ЭТИКАСЫ

#### *Ethics of «Good» among kazakh youth*

**Б.Н. Аканбаев<sup>1</sup>, А.М. Шамитдинов<sup>2</sup>**  
***B.N. Akanbayev<sup>1</sup>, A.M. Shamitdinov<sup>2</sup>***

<sup>1</sup>Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Қостанай, Қазақстан, [baga\\_a\\_n@mail.ru](mailto:baga_a_n@mail.ru), [aziz.shamitdinov@bk.ru](mailto:aziz.shamitdinov@bk.ru)

#### **Аннотация**

Қазіргі заманғы мейірімділіктің әдебіне баламалы тәсіл ретінде қайырымдылық ерекше мейірімділікке бағытталады, бұл шын мәнінде адамның өзінің жеке өміріне ғана емес, өмірдің өзіне мейірімді болу адамгершілік қабілетін білдіреді. Мейірімділік этикасы негізінен қазақ қоғамының адамгершілігінің негізгі құндылығын немесе іргелі мәнін құрайды. Жалпы адамгершіліктің құлдырауы, сондай-ақ қазіргі бейнефильмдер, мультфильмдердегі кейіпкерлер тәрбиесінің үнемі нашарлауы бізді тиісті шешім қабылдауға итермелейді. Қайырымдылық әдебін дұрыс түсіну заманауи адамдарға мәселені шешу жолын көрсетуі мүмкін.

#### **Abstract**

As an alternative approach to the ethics of modern kindness, mercy will be directed to a special benevolence, which actually means the moral ability of a person to be kind not only to his own life, but also to life itself. Ethics of mercy is basically the basic value or fundamental value of morality of the Kazakh society. In General, the decline of morality, as well as the constant deterioration of the education of heroes in modern videos, cartoons make us make appropriate decisions. The correct understanding of benevolent ethics can demonstrate modern people the way to solve the problem.

*Кілт сөздер:* мейірімділік этикасы, қайырымдылық, жақсылық талаптары

*Key words:* ethics of kindness, charity, requirements of good



### 3 СЕКЦИЯ

**ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА И РЕАЛИЗАЦИЯ ОСНОВНЫХ ПРИНЦИПОВ  
ПРОГРАММЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»  
SOCIETY DEVELOPMENT AND IMPLEMENTATION  
OF THE BASIC PRINCIPLES OF «МӘҢГІЛІК ЕЛ» PROGRAM**

<i>Агдавлетова А.Ш.</i> Қоғамның дамуы және «Мәңгілік ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру .....	248
<i>Ақанбаев Б.Н., Шамитдинов А.М.</i> Қазіргі қазақ жастарының «жақсылық» этикасы.....	250
<i>Алипбаева Г.А., Маннапова Д.Х.</i> «Ниткография», «Түзбен сурет салу» атты дәстүрлі емес сурет салу техникаларын қолдану арқылы кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың графо – моторлық дағдыларын дамыту .....	256
<i>Амантаева А.Б.</i> Духовное единство народа – гарант стабильности Казахстанского общества.....	260
<i>Баубекова Г.К., Омарова К.И.</i> Анализ миграционных процессов Северного Казахстана за 2012-2017 годы.....	265
<i>Бекмаганбетова Г.К.</i> Взаимодействия семьи и школы по формированию у младших школьников семейных ценностей как реализация одного из направлений программы «Рухани жаңғыру» .....	269
<i>Болгарина Б.К.</i> Актуальные вопросы обеспечения молодежной среды как территория без терроризма согласно программе «Мәңгілік ел» .....	273
<i>Каппасова Ш.Е., Бурabay А.Қ.</i> Латын әліпбиі – рухани тәуелсіздікке жасалған жарқын кадам! .....	277
<i>Кусаинов Г.Б.</i> Национальные приоритеты в контексте духовной модернизации .....	281
<i>Лантух Я.С., Иванова Е.Н.</i> Роль учителя начальных классов по внедрению ценностей идеи «Мәңгілік ел» в учебно-воспитательный процесс .....	285
<i>Печёркина М.В., Крамок З.С., Бексултанов Д.Т., Альшианова Б.Х.</i> Культурно-философская экспликация сверхчеловеческого образа в контексте гуманизма и общественном дискурсе .....	288
<i>Насрединова А.Е., Ерназарова А.С.</i> Тәуелсіз елдің жас ұрпағын – патриоттыққа тәрбиелеу .....	292
<i>Назмутдинов Р.А., Ильина Д.В.</i> Ценностная сфера личности как основа для возрождения духа нации .....	294
<i>Салмагамбетова С.С.</i> Развитие познавательных способностей, обучающихся с особыми образовательными потребностями средствами английского языка .....	299
<i>Сатыбалдина Р.А.</i> Национальная идеология независимого Казахстана «Мәңгілік ел» .....	303
<i>Исмаилов С.С., Бисембаева А.К.</i> Основные направления развития науки в соответствии с программными статьями Президента Казахстана Н.А. Назарбаева .....	307
<i>Телебаев Г.Т.</i> Ценности идеи «Мәңгілік ел» в образовательном процессе .....	310
<i>Шаукенов Ж.А.</i> Ұлтаралық келісім доктринасы және «Мәңгілік ел» идеясы .....	316
<i>Шумейко Т.С.</i> Духовно-нравственные аспекты технологического образования .....	321
<i>Абильмаликов К.К.</i> Взаимоотношения Азербайджана и Франции в области энергетических ресурсов.....	326
<i>Каирова Б.К., Касымов Н.А.</i> Рухани жаңғыру өзін-өзі танудан бастау алады .....	331
<i>Усембаева А.Х.</i> Компетентностный подход в системе послевузовского образования .....	335